«ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ
БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ
КАРАСАЙСКОГО РАЙОНА»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

30.12.2025ж.
Қаскелең қаласы

110-н
город Каскелен

2026 жылға арналған бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының 10-бап 6-тармақ және 16-бап, 3-тармақ 25-тармақшасына сәйкес «Қарасай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі салық салу мақсатында жылжымайтын мүлікті бағалауды жүргізу бойынша қызметтері шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен алынсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуы Ж. Наурызбаеваға жүктелсін.

Бөлім басшысы **Ж. Ногайбаев**

000218

Қарасай ауданының экономика
және қаржы бөлімінің басшысы
Ж. Ноғайбаевқа

Қызметтік хат

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 516-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасында көзделген негіздер бойынша бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу веб-порталда белгіленген форматтық-логикалық бақылауды ескере отырып жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (БСН 160440007161) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен салық салу мақсатында жеке тұлғалардың мүлкін бағалау қызметтері бойынша шарттар жасасу мүмкіндігі берілген.

2026 жылға салық салу мақсатында мүлікті бағалау қызметтеріне бөлінген сома 10 827 000 (он миллион сегіз жүз жиырма жеті мың) теңге 00 тиынды құрайды.

Осыған байланысты, салық салу мақсатында мүлікті бағалау қызметтерін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылдауыңызды сұраймын.

Бас маман **Ж. Наурызбаева**